ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 маусым № 4360-26-00-2/955 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№247 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Fast Link» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.шартты бұзу туралы
2.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№247 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Fast Link» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берген шартты бұзып, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№247 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және жауапкер «Fast Link» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған 2026 жылғы 22 қаңтардағы № №970540002212/260003/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылсын.

Жауапкер «Fast Link» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Fast Link» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 4 325 (төрт мың үш жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Көшірмесі дұрыс
Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Анықтама
Шешім заңды күшіне 15.07.2026 жылы енді.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 05.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2026, судья Жусупов Т. К., 16.07.2026

4360-26-3-1/1058